Тексерілді

**ЦИКЛОГРАММА**
**«Балақай» кіші тобы.**
**I апта Ақпан айы: 31.01.-04.02.2022ж**
**Тәрбиеші:Бабаниязова.М.С**

**Өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем»**
**Тақырыпша.«Ғажайыптар әлемі»**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу** | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы ата-анамен әңгімелесу. | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | **Картотека №1** Құрылымдалған ойын: «Көжекті жасыр» **Мақсаты:** Төрт мүмкіндіктің ішінен екі берілген нысанды таңдауды үйренеді. 4К моделі, бала үні, жанама бақылау. | **Картотека №2** Құрылымдалған ойын: **«Макарон моншақтар»** **Мақсаты:**Балалар макороннан моншақ жасай алады. 4К моделі, бала үні, жанама бақылау. | **Картотека №3** Құрылымдалған ойын: **«Шыршаны безендір»** **Мақсаты:**Заттың түсің ажыратып, тәрбиеші сұрағын дұрыс түсініп, жауап бере алады.. 4К моделі, бала үні, жанама бақылау. | **Картотека №7** Құрылымдалған ойын: **«Балықты ұста»** **Мақсаты:** Балалар заттың түсін дұрыс ажыратып, атай алады. 4К моделі, бала үні, жанама бақылау. | **Картотека №14** Құрылымдалған ойын: **Қонжықтар.** **Мақсаты:** Заттардың мөлшерін , шамасын салыстыру арқылы, берілген тапсырманы орындай алады. 4К моделі, бала үні, жанама бақылау. |
| | **ТАНЫМ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ БОЙЫНША ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫНАН. Картотека қосымша тігілген.** | | | | |
| **Таңертеңгі гимнастика** | **Ақпан айының 1- аптасына арналған таңғы жаттыгу кешені. Жаттыгу кешені қосымша тіркелген** **Мақсаты: Жалпы даму жаттыгуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын дамыту. Баланы салауатты өмір салтына тәрбиелеу.** | | | | |
| **Таңғы ас** | Ас құрамымен таныстыру. Ас құрамындағы дәрумендерді балаларға айтып түсіндіру. «Ас дәмді болсын!» | | | | |
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық** | **ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.**<br>Шаттанамын, күлемін,<br>Бақытты боп жүремін.<br>Қатар тұрар шеңберде<br>Досым көбін білемін | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу** | **1.Денешынықтыру** **Мақсаты: (Ү.К)** Гимнастикалық орындық үстінен жүріп өтеді, Еденде 10-20 см қашықтықта ( екі арқаннан тұратын | **1.Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Көңілді қыс. Ш. Мұхамеджанов.Сенің өмірің – сиқырлы әлем кітабынан» **Мақсаты:**Өлең жолдарын | **1.Жаратылыстану** **Тақырыбы:** «Сумен тәжірибе жүргізу» **Мақсаты:**Судың мөлдір екенін, бірақ оның кез-келген түске бояуға немесе ластауға | **1.Сенсорика** **Тақырыбы: «Ғажайып күн шуағы»** **Мақсаты:** Дайын үлгідегі дөңгелек пішіннің ішіне, күннің | **1. Музыка.** **Тақырыбы:** «Төлдер» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **қызмет-тері** | жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіре алады.<br>Ресурстар: Гимнас орындық, арқан, сылдырмақ<br>Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, бақылау, саралау.<br>**ҰОҚ өтілу барысы**<br>**Кіріспе бөлімі:**<br>Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.<br>Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүру.<br>Қол бүйірде аяқтың ұшымен жүру.<br>Қол бүйірде өкшемен жүру.<br>Шеңбер бойы тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.<br>**Негізгі бөлім:**<br>Жалпы даму жаттығулары<br>**(Сылдырмақпен)**<br>**Б. қ: «Ара ұшты»**<br>1. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Басты оң иықтан сол иыққа қарай, сол оңға қарай иілту. «з-з-з» деп айту. /5 рет қайталау/<br>**Б. қ.: «Айдаһардың құйрығы»**<br>2. Аяқтары алшақ қойылған , қолдары бүйірде, оңға - солға бұрылу, Әр бұрылған сайын «көрдім» деп айту. / 6 рет қайталау/<br>**Б.қ. : «Қайшы»**<br>3. Аяқтары алшақ қойылған , Қолды алдыға созып, оң қолмен сол қолды айқастырып, қайшылау. / 6 рет қайталау/<br>**Б. қ.: «Қоян қашты»**<br>4. Аяқтарын біріктіру. Қолдарын қоянның аяғына ұқсату. Орнында секіру. | мағынасын қойылған сұрақтарға жауап беру арқылы түсінеді<br>Ресурстар: Қыс мезгілі туралы суреттер.<br>Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, бақылау, саралау.<br>**ҰОҚ өтілу барысы**<br>**I. Шаттық шеңбері.**<br>**Х. Талғаров «Дос болайық бәріміз»**<br>Дос болайық, бәріміз,<br>Жарасып тұр әніміз.<br>Тыныштықты сақтаймыз,<br>Атсын күліп таңымыз.<br>**II.Қызығушылықты ояту.**<br>Топқа шар ұшып келу.<br>Шарды бір-біріне беріп көңілді сөздер айту.<br>Сыни ойлау, комуникатив-тілік дағды.<br>**III.Ой қозғау**<br>Мнемо кестемен жұмыс.<br>Қыс мезгілі туралы түсіндіру.<br>-Қазір қандай мезгіл?<br>-Қыс мезгілінде қандай табиғат құбылыстары болады?<br>-Несімен ұнайды?<br>Қандай ойын түрлерін білесіңдер?<br>Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы, 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.<br>**Сергіту сәті. «Боран»**<br>Боран соғар оң жақтан,<br>Боран соғар сол жақтан,<br>Қар лақтырып ойнасақ,<br>Су өтеді қолғаптан.<br>**Ой дамыту.**<br>**Көңілді қыс.** | болатынын түсінеді.<br>Ресурстар: Тақырып бойынша көрнекіліктер, АКТ технолоиясы.<br>Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, бақылау, саралау.<br>**ҰОҚ өтілу барысы**<br>**Шаттық шеңбері.**<br>**Х. Талғаров «Дос болайық бәріміз»**<br>Дос болайық, бәріміз,<br>Жарасып тұр әніміз.<br>Тыныштықты сақтаймыз,<br>Атсын күліп таңымыз.<br>**II.Қызығушылықты ояту.**<br>Пед жет ойын: «Кім жылдам?»<br>Жұмбақ жасыру<br>Дәміде жоқ,түсі жоқ,<br>Пайдаланбас кісі жоқ. **(су)**<br>Сұрақ –жауап.<br>Сыни ойлау, бала үні.<br>**Ой дамыту.**<br>**АКТ технологиясы.**<br>-Су туралы түсінік беру.<br>-Сұрақ-жауап.<br>-Судың қандай пайдасы бар?<br>-Судың қасиеттері қандай?<br>- Адамдар суды не үшін пайдаланады?<br>(ішеді, жуынады)<br>- Суды адамдардан басқа тағы нелер пайдаланады (жануарлар, өсімдіктер)<br>Су аға ма? Неліктен? Өйткені ол сұйық.<br>Үдеріс арқылы саралау, 4К моделі, бала үні.<br>**Сергіту сәті.**<br>Ал балалар тұрайық,<br>Мойнымызды бұрайық.<br>Қолымызды созайық,<br>Су ішінде қалықтап, | шуағын орналастыруды, түсін, пішішінін ажыратып айта алады.<br>Ресурстар: Тақырып бойынша көрнекіліктер. АКТ<br>Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, бақылау, саралау.<br>**I.ҰОҚ өтілу барысы**<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Алтын таңның шуағы<br>Бақыт үшін туады<br>Қайырлы таң достарым<br>Жарық күннің тұрағы!<br>**II.Қызығушылықтарын ояту.**<br>Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»<br>Жұмбақ жасыру.<br>Таңертең көзін ашады,<br>Әлемге нұрын шашады.<br>(Күн)<br>Сыни ойлау, бала үні.<br>**III. Ой дамыту. АКТ технол**<br>**-Күн туралы түсінік беру.** -Сұрақ – жауап .<br>- Табиғат нешеге бөлінеді?<br>-Тірі табиғат өсіп – өну үшін не керек?<br>- Жарық, жылу , су,ауа.<br>–Олар жылуды қайдан алады. –Күннің шуағы деген не?<br>Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы, 4К моделі, бала үні.<br>**4. Ой қозғау.**<br>Ұжымдық жұмыс.<br>Үлкен форматта салынған дөңгелекке | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | */15-20 секунд/*<br>*Тыныс алу жаттығулары: 1 – 2, 3 - 4 есебінде танаудың әр тесігінен кезек - кезек демді ішке тартады; 1 – 10 (16) есебінде дем алуды бөгеп, сыртқа шығарады.*<br>***Бастапқы қалыпқа келу.***<br>*4 к моделі, бала үні*<br>*Мазмұн арқылы саралу, Блум таксономиясы, Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау*<br>***Қимыл қозғалыс жаттығулары.***<br>*1. Гимнастикалық орындық үстінен жүріп өту.*<br>*2. Секіру. Еденде 10-20 см қашықтықта ( екі арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру.*<br>*Өнім арқылы саралау, 4 к моделі, бала үні*<br>***Қимылды ойын:***<br>***Күн мен жаңбыр.***<br>***Ойын шарты:*** *Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлмеге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» орындықтың арқасынан қарайды.*<br>*Сыни ойлау, командада жұмыс, жаппай бақылау.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***Қорытынды:***<br>*«Айналу» - бір - бірінің қолынан ұстай отырып, айнала жүгіру. Шеңбер бойы маршпен жүру.*<br><br>***2.Сурет***<br>***Тақырыбы: Аққала бізде қонақта.***<br>***Мақсаты:****Үлкен-кіші* | ***Ш. Мұхамеджанов.***<br>*Өлең жолдарын мәнерлеп оқу мағынасын ашу.*<br>***Көңілді қыс.***<br>*Бір топ бала сырғанап,*<br>*Барады әне жарысып.*<br>*Қалды артта қар алап,*<br>*Іздерінен қар ұшып.*<br>*Сұрақ – жауап.*<br>*-Өлең жолдарында не туралы айтылған?*<br>*-Қыс мезгілін қалай суреттеген?*<br>*Құрлымдалған ойын: «Атын ата»*<br>*Шарты: қысқы киімдерді құрастыру*<br>***Қортынды***<br>*Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»*<br>*Жұмбақ жасыру.*<br>*Қолымен қаламы жоқ,*<br>*Бірақ сурет салады* ***(Аяз)***<br>*Көлдің беті көк әйнек,*<br>*Сырғанауға тым әйбет.* ***(Мұз)***<br>*Сыни ойлау, бала үні.*<br>*Жұмбақтың шешуін сұрақтар қоя отырып, жауап алу, ұоқ аяқтау*<br><br>***2.Музыка.***<br>***Тақырыбы:*** *«Төлдер»* | *Кәне, жүзіп алайық,*<br>***Балаларды топқа бөлу.***<br>*Оқу ортасы арқылы саралау.*<br>***Тәжірибе жасау***<br>***1-топ. Сүт пен суға тәжірибе***<br>*Қайсысы көрінетінін, қайсысы көрінбейтінін бақылайды.* ***"Су - мөлдір"***<br>***2- топ. Бояулармен.***<br>*Стакандағы суға әртүрлі субояу қосып, одан түс пайда болғанын бақылау.* ***"Су - түссіз"***<br>***3 - топ. Су және ванилин***<br>***Ягни:"Судың иісі жоқ"***<br>*Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, креативтілік дағды, командада жұмыс, бала үні.*<br>***Қортынды***<br>***Сұрақ-жауап***<br>***Балалардың жауабы.***<br><br>***2.Денешынықтыру***<br>***Мақсаты: (Б.К)***<br>*Гимнастикалық орындық үстінен жүріп өтеді, Еденде 10-20 см қашықтықта ( екі арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіре алады.*<br>*Ресурстар: Гимнас орындық, арқан, сылдырмақ*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, бақылау, саралау.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***Кіріспе бөлімі:***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.*<br>*Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүру.*<br>*Қол бүйірде аяқтың ұшымен жүру.*<br>*Қол бүйірде өкшемен жүру.* | *күннің шуағын жапсыру.*<br>*Креативтілік дағды, сыни ойлау, командада жұмыс, жаппай бақылау.*<br>***Тақпақ жаттау. «Күн»***<br>*Қандай көркем қысқы күн*<br>*Аралап жүріп бұлттарды,*<br>*Жайлап сеуіп ол нұрын*<br>*Жарқыратар ақ қарды.*<br>***Қортынды***<br>*Сұрақ-жауап*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***2.Денешынықтыру***<br>***Мақсаты: (ҮК)***<br>*Гимнастикалық орындық үстінен жүріп өту, секіртпеден секіру дағдыларын үйренеді.*<br>*Ресурстар: Гимнас орындық, секіртпелер, бубен*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, бақылау, саралау.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***Кіріспе бөлімі:***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.*<br>*Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру.*<br>*Қол бүйірде, аяқтың сыртымен жүру.*<br>***«Трактор»*** *- шеңбер бойы жылжымалы қадаммен жүру.*<br>*Шеңбер бойымен тұру.*<br>*Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *дөңгелектерді рет-ретімен трафарет арқылы дәстүрден тыс бастыру әдісі(губкамен) арқылы, аққаланың бейнесін сала алады.*<br>*Ресурстар: Бояу, көк қағаз, губка, трафарет*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, бақылау, саралау.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***1.Шаттық шеңбері.***<br>*Ашық менің жүрегім*<br>*Ылғи күліп жүремін.*<br>*Бірге ойнап, бір жүрер*<br>*Достарым көп, білемін!*<br>***ІІ.Қызығушылықты ояту.***<br>*Пед жет ойын:*<br>*«Кім жылдам?»*<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Шелек қалпақ басында,*<br>*Сәбіз екен танауы,*<br>*Қыста қардан жасайтын*<br>*Тауып көрші сен оны.*<br>***(Аққала)***<br>*Сыни ойлау, бала үні.*<br>***1 .Ой қозғау***<br>*1.Қыс мезгілі және қысқы ойындар туралы түсінік беру.*<br>*- Сұрақ – жауап.*<br>*- Қыста ойнайтын қандай ойын түрлерін білесіңдер?*<br>*-Атау.*<br>*-Аққаланы сипаттап әңгімелеу.*<br>*Мазмұн арқылы саралау, сыни ойлау, Блум таксономиясы.*<br>***Сөздік жұмыс.***<br>*Аппақ, домалату, дөңгелектер, үлкен – кіші, шелек.*<br>***Ой қозғау***<br>*Үлгіні талдау.* | | *Шеңбер бойы тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы даму жаттығулары (Сылдырмақпен)***<br>***Б. қ: «Ара ұшты»***<br>***1.*** *Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Басты оң иықтан сол иыққа қарай, сол оңға қарай иілту. «з-з-з» деп айту. /5 рет //*<br>***Б. қ.: «Айдаһардың құйрығы»***<br>*2. Аяқтары алшақ қойылған , қолдары бүйірде, оңға - солға бұрылу, Әр бұрылған сайын «көрдім» деп айту. 6 рет қайталау*<br>***Б.қ. : «Қайшы»***<br>*3. Аяқтары алшақ қойылған , Қолды алдыға созып, оң қолмен сол қолды айқастырып, қайшылау. 6р*<br>***Б. қ.: «Қоян қашты»***<br>*4. Аяқтарын біріктіру. Қолдарын қоянның аяғына ұқсату. Орнында секіру. /15-20 секунд/*<br>*Тыныс алу жаттығулары: 1 – 2, 3 - 4 есебінде танаудың әр тесігінен кезек - кезек демді ішке тартады; 1 – 10 (16) есебінде дем алуды бөгеп, сыртқа шығарады.*<br>***Бастапқы қалыпқа келу.***<br>*4 к моделі, бала үні*<br>*Мазмұн арқылы саралу, Блум таксономиясы, Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау*<br>***Қимыл қозғалыс жаттығулары.***<br>*1. Гимнастикалық орындық үстінен жүріп өту.* | *Жаппай бақылау.*<br>***Жалпы даму жаттығулары (Бубенмен)***<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Б.қ.: «Тик-так»***<br>***1.*** *Аяқтары алшақ , қолдары белде. «Тик» сөзін айтып басты оңға қисайту , «так» сөзін айтып басты тік ұстау, басты солға қисайтып қайталау. (6 рет қайталау)*<br>***Б. Қ.: «Иықтың жүруі»***<br>***2.*** *Аяқ иық көлемінде, қолдар иық үстінде. Иықты артқа, алдыға қарай айналдыру. /6 рет қайталау/*<br>***Б. Қ.: «Ағаштар тербеледі»***<br>***3.*** *Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жоғарыда. Оң жаққа, сол жаққа тербелу. /6 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Күнге жетемін»***<br>***4.*** *Орнында тұрып секіру. (10-15 секунд)*<br>***Тыныс алу жаттығулары:*** *араның дыбысын салу (з-з-з), мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.*<br>*Бастапқы қалыпқа келу.*<br>*4 к моделі, бала үні*<br>*Мазмұн арқылы саралу, Блум таксономиясы, Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау*<br>***Қимыл-қозғалыс жаттығулары***<br>*1. Гимнастикалық* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *- Түсі, пішіні қандай?*<br>*Жұмыс жасауда бастырудың әдіс-тәсілін түсіндіру, көрсету.*<br>*Жұмысқа қатысты материалдарды атау, қауіпсіздік ережелерін ескерту.*<br>*Үлкен, кіші дөңгелектерді рет-ретімен бастыруды көрсету.*<br>*Блум таксономиясы, 4К моделі, бала үні*<br>***Өз беттерінше жұмыс.***<br>*Қадағалау, көмек көрсету.*<br>*Өнім арқылы саралу, сыни ойлау, креативтілік,жанама бақылау.*<br>*Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме»*<br>*Шарты: Салған суреттерді тақтаға іліп жинақтау.*<br>*Балалардың жұмысын қортындылау.*<br>*Балаларды мадақтау.* | | *2. Секіру. Еденде 10-20 см қашықтықта ( екі арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру.*<br>*Өнім арқылы саралау, 4 к моделі, бала үні*<br>***Қимылды ойын:***<br>***Күн мен жаңбыр.***<br>***Ойын шарты:** Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлмеге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» орындықтың арқасынан қарайды.*<br>*Сыни ойлау, командада жұмыс, жаппай бақылау.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***Қорытынды:***<br>*«Айналу» - бір - бірінің қолынан ұстай отырып, айнала жүгіру. Шеңбер бойы маршпен жүру.* | *орындық үстінен жүріп өту.*<br>*2.Секіртпеден секіру.*<br>*Өнім арқылы саралау, 4 к моделі, бала үні*<br>***Қимылды ойындар:***<br>***«Допты қуып жет»***<br>***Ойын шарты:** Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады.*<br>*Сыни ойлау, командада жұмыс, жаппай бақылау.*<br>***Қорытынды:***<br>*Шеңбер бойы жүру.*<br>*Адымдап жүру.* | |
| ***Серуенге дайындық*** | *Серуенге киіндіру. Киімдерін шкафтан бітіндеп шығарып,киінуге үйрету. Далада күннің салқын екенін, қыс мезгілі болғанын балаларға түсіндіру. Балалармен серуенге шығу.* | | | | |
| ***Серуен:*** | ***Картотека № 17***<br>***Қар аралас жаңбырды бақылау.***<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 12***<br>***Қыстап қалатын құстарды бақылау.***<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 11***<br>***Күнді бақылау.***<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 9Қырауды бақылау.***<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 8***<br>***Мұзды бақылау.***<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* |
| | ***ҚЫСҚЫ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫ. ( картотека қосымша тігілген)*** | | | | |
| ***Серуеннен оралу*** | ***Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.*** | | | | |
| ***Түскі ас*** | ***ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ**. .Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарынаілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| ***Ұйқы*** | ***Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.*** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары** | ***Жаттығу кешені №6***<br>*Балалар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Қолымызды созып*<br>*Шынығып бір алайық.*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Жаттығу кешені №7***<br>*Балапандар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Жан-жаққа біз қарайық*<br>*Бір күлімдеп алайық.*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Жаттығу кешені №8***<br>*Ұйқыдан біз тұрамыз*<br>*Көзімізді ашамыз*<br>*Жан-жағымызға қарайық*<br>*Төсектен біз тарайық*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Жаттығу кешені №9***<br>*Ұйқыдан біз тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Анда- мында созылып*<br>*Тарқасайық, тұрайық*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Жаттығу кешені №10***<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Аунап, қунап алайық ,*<br>*Самал жел бізге желпісін,*<br>*Ұйқымызды ашайық*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* |
| | **ҰЙҚЫДАН ОЯТУ ЖАТТЫҒУ КЕШЕНІНЕН** | | | | |
| **Бесін ас** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет.**<br><br>**Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | ***Картотека №6***<br>***«Сиқырлы қапшық»***<br>***Ойынның мақсаты:***<br>*заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.*<br>*Еркін ойын. Жанама бақылау.* | ***Картотека №7Мынау қай пішін?***<br>***Мақсаты:*** *Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.*<br>*Еркін ойын. Жанама бақылау.* | ***Картотека №9***<br>***«Үлкен-кіші»Мақсаты:***<br>*Түстер туралы білімдерін бекіту,заттарды көлеміне қарай айыра білуге үйрету.*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.*<br>*Еркін ойын. Жанама бақылау.* | ***Картотека №10***<br>***«Не жоқ?»***<br>***Ойынның мақсаты:***<br>*балалардың логикалық ойлауын дамыту, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.*<br>*Еркін ойын. Жанама бақылау.* | ***Картотека № 20***<br>***«Қай жануар артық»***<br>***Мақсаты:*** *Балалардың ойлау қабілетін дамыту*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.*<br>*Еркін ойын. Жанама бақылау.* |
| | ***ТАНЫМ САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫ (картотека қосымша тігілген)***<br>***Жеке баламен жұмыс: педагог жоспары бойынша.*** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |
| **Серуен** | ***Картотека № 17***<br>***Қар аралас жаңбырды бақылау.***<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 12***<br>***Қыстап қалатын құстарды бақылау.***<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 11***<br>***Күнді бақылау.***<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 9Қырауды бақылау.***<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 8***<br>***Мұзды бақылау.***<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* |
| | ***ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕШЕНІН БЕКІТУ.*** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | ***Ата-аналарға кеңес:****«Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру».*<br>***Кеңес:*** *мысалы:«Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет.* | | | | |

Жекеріну Нурек

**ЦИКЛОГРАММА**
**«Балақай» кіші тобы.**
**Папта. Ақпан айы: 07-11.02.2022ж**
**Тәрбиеші:Бабаниязова.М.С**

**Өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем»**
**Тақырыпша: «Көліктер»**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | **Балаларды қабылдау барысында дене қызуын өлшеп, көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату.** Ата-аналармен амандасу. Баланың денсаулығы, көңіл- күйі туралы білу. | | | | |
| | **Картотека № 9** Үй жануарлары және олардың төлдері 4К моделі, бала үні, жанама бақылау. | **Картотека № 10** «Дұрыс көрсет, ажырат» 4К моделі, бала үні, жанама бақылау. | **Картотека № 8** «Гүлдерді күтеміз» 4К моделі, бала үні, жанама бақылау. | **Картотека № 3** «Құстар біздің досымыз» 4К моделі, бала үні, жанама бақылау. | **Картотека № 11** «Отбасы» 4К моделі, бала үні, жанама бақылау. |
| | **ӘЛЕУМЕТ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫНАН. (картотека қосымша тігілген)** | | | | |
| **Таңертеңгі гимнастика** | **Ақпан айының 2 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.** **Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету** | | | | |
| **Таңғы ас** | Сауықтыру шаралары: Ауызды жуу, жылы сумен шаю. Ас мәзіріне отыру.Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тамақ үстінде жан жағына алаңдамауды, бір – біріне кедергі келтірмеуді үйрету. Рахмет айтуға тәрбиелеу. | | | | |
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық** | **ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктерді реттеу..** **Балаларды ұоқ-не сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу.** Күн шуағын жинаймын. Достарыма сыйлаймын. Күн жылуын аямасын, Шуағымен аяласын. | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері** | **1. Денешынықтыру** **Мақсаты: (БК)** Гимнастикалық орындық үстінен жүріп өту, секіртпеден секіру дағдыларын үйренеді. Ресурстар: Гимнас орындық, секіртпелер, бубен Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, | **1.Көркем әдебиет** **Тақырыбы: «Поезд»** (өлеңі) **Мақсаты:**Өлеңді мұқият тыңдап, мазмұнын түсінеді. Балалар поезд дыбысына еліктеп у-дыбысын созып, қимыл | **1.Жаратылыстану** **Тақырыбы: «Көліктер»** **Мақсаты:**Балалар көліктер туралы түсіне отырып, атауларын дұрыс атай алады. **Ресурстар:** Қуыршақ, АКТ, слайд, үнтаспа | **1.Құрастыру** **Тақырыбы: «Трамвай»** **Мақсаты**: Құрылыс материалдарының бірнеше бөліктерінен трамвайды құрастырып жасай алады. **Ресурстар:** Тақырып бойынша көрнекіліктер. | **1. Мүсіндеу** **Тақырыбы: «Ұшақ»** **Мақсаты:**Ермексаз кесектерін алақан арасында дөңгелектеу арқылы, бөліктерінен ұшақ жасай алады. **Ресурстар:** АКТ тех, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бақылау, саралау.<br>**ҰОҚ өтілу барысы**<br>**Кіріспе бөлімі:**<br>Бірінің артынан бірі сапқа тұру.<br>Денені тік ұстау.<br>Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру.<br>Қол бүйірде, аяқтың сыртымен жүру.<br>**«Трактор»** - шеңбер бойы жылжымалы қадаммен жүру.<br>Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.<br>Жаппай бақылау.<br>**Жалпы даму жаттығулары (Бубенмен)**<br>**Негізгі бөлім:**<br>**Б.қ.: «Тик-так»**<br>1. Аяқтары алшақ , қолдары белде. «Тик» сөзін айтып басты оңға қисайту , «так» сөзін айтып басты тік ұстау, басты солға қисайтып қайталау. (6 рет қайталау)<br>**Б. Қ.: «Иықтың жүруі»**<br>2. Аяқ иық көлемінде, қолдар иық үстінде. Иықты артқа, алдыға қарай айналдыру. /6 рет қайталау/<br>**Б. Қ.: «Ағаштар тербеледі»**<br>3. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жоғарыда. Оң жаққа, сол жаққа тербелу. /6 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Күнге жетемін»**<br>4. Орнында тұрып секіру. (10-15 секунд)<br>**Тыныс алу жаттығулары:**<br>араның дыбысын салу (з-з-з), мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу.<br>4 к моделі, бала үні<br>Мазмұн арқылы саралу, Блум | әрекеттерін жасай алады.<br>**Ресурстар:** Қуыршақ, АКТ, слайд, үнтаспа<br>**Әдіс –тәсілдер:** 4К моделі, бала үні, бақылау, саралау.<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Шаттық шеңбер**<br>Сәлем аспан<br>Сәлем жер<br>Сәлем менің достарым!<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Үнтаспадан поезд дыбысын тыңдату.**<br>**Ой қозғау.**<br>Бұл ненің дыбысы?<br>Сыни ойлау, бала үні.<br>**Тосын сәт.**<br>Қуыршақ Айгүл келеді. Балалармен амандасады. Поезд туралы білгісі келетітін айтады.<br>**АКТ технологиясы.**<br>«Поезд» туралы суреттер көрсету,түсінік беру.<br>Өнім арқылы саралау, Блум таксономиясы.<br>Тақпақ «Поезд»<br>Ескен Елубаев<br>Вагон-вагон темірді,<br>Вагон-вагон көмірді,<br>Вагон-вагон бидайды<br>Тіркеп алып, зулайды!<br>Солқылдатқан даланы<br>Үні жетер алыстан.<br>**Пед жет қим ойын:** «Поезд»<br>**Ойын шарты**. Бірнің артынан бірі тұрып поезд болып жүреді.<br>Құрлымдалған ойын: «Бөлігін тап»<br>Шарты: Қиылған | **Әдіс –тәсілдер:** 4К моделі, бала үні, бақылау, саралау.<br>**ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ.**<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Біз ақылдымыз,<br>Қиындықтан қорықпаймыз.<br>Біз жаспыз,қандай әдеміміз,<br>Табиғатты қорғаймыз.<br>**II.Қызығушылықты ояту.**<br>Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»<br>Шарты: Көліктер туралы жұмбақтар жасыру.<br>Құс сияқты құс емес,<br>Жүрсе де тым биікте.<br>Қақпайды бір қанатын<br>Жүрсе де тым биікте<br>(ұшақ)<br>-Арқасында ауыл жүр, ала тайым шауып жүр. **(автобус)**<br>-Тізбектелген көк үйлер, көшіп жүрген көп үйлер. **(поезд)**<br>Әр жұмбаққа түсінік беру.<br>Сыни ойлау, бала үні.<br>**2.Ой дамыту**<br>-Көлік дегеніміз не?<br>-Қандай түрлері бар екен?<br>-Жер көлігі, әуе көлігі, су көлігі, темір жол көлігі<br>-Ол адам үшін неге қажет?<br>-Сендер балабақшаға қандай көлік түрімен келесіңдер?<br>-Автобуспен қайда баруға | АКТ технол<br>**Әдіс –тәсілдер:** 4К моделі, бала үні, бақылау, саралау.<br>**ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ:**<br>**I. Шаттық шеңбері.**"Дос болайық,бәріміз"Х.Талғаров.**II .Қызығушылық ояту.**<br>Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Күндіз-түні күрсінеді,<br>Жүрген жері сілкінеді.(поезд)<br>**Ой дамыту**<br>-Поезд туралы түсінік беру<br>-Ол не үшін керек?<br>-Поезд қандай жол көлігіне жатады?<br>-Поездың вагондарын не арқылы жылжиды?<br>Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы,сыни ойлау, бала үні.<br>**2.Сипаттама**<br>-Поездың бөліктерін атау, түсіндіру.<br>-Қандай пішіндерден тұратынын көрсету.<br>Жұмыс жасаудың әдіс –тәсілін түсіндіру, көрсету.<br>**Сергіту сәті:**<br>**«Біз тынығып алайық»**<br>**3. Ұжымдық жұмыс жасау.**<br>Құрлымдалған ойын: «Трамвай»<br>Өнім арқылы саралау, креативтілік , командада жұмыс.<br>**Қортынды.**<br>Балалардың жұмысын бағалау, мадақтау.<br><br>**2.Денешынықтыру**<br>**Мақсаты: (БК)** | Тақырып бойынша көрнекілік, үлгі<br>**Әдіс –тәсілдер:** 4К моделі, бала үні, бақылау, саралау.<br>**ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ.**<br>**I. Шаттық шеңбері. "Бала,бала,баламыз" Е.Өтетілеуұлы.**<br>Бала,бала,баламыз,<br>Бақшамызға барамыз.<br>Күні бойы қызыққа<br>Батамызда қаламыз!<br>**II.Қызығушылықтарын ояту.**<br>Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»<br>**Жұмбақ**<br>Ұшса аяғы жоқ,<br>Қонса аяғы бар.(Ұшақ)<br>**Ой дамыту. АКТ тех**<br>Ұшақ туралы қысқаша түсінік беру.<br>-Балалар, ұшақ қайда ұшады? Ұшақпен кімдер ұшады?<br>Мазмұн арқылы саралау, жетелеуші сұрақ арқылы бақылау.<br>**4.Ой қозғау.**<br>Балалар назарын үлестірмелі материалдағы суретке аударады.<br>П/Ж ойын: «суретте не жетіспей тұр?»<br>Сендер де ұшаққа отырып ұшқыларың келе ме?<br>Ендеше, өзімізге ұнайтын ұшақты жасап көрелік. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таксономиясы, Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау<br>**Қимыл-қозғалыс жаттығулары**<br>1. Гимнастикалық орындық үстінен жүріп өту.<br>2.Секіртпеден секіру.<br>Өнім арқылы саралау, 4 к моделі, бала үні<br>**Қимылды ойындар:**<br>**«Допты қуып жет»**<br>**Ойын шарты:** Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады.<br>Сыни ойлау, командада жұмыс, жаппай бақылау.<br>**Қорытынды:**<br>Шеңбер бойы жүру. Адымдап жүру.<br><br>**2.Сурет.**<br>**Тақырыбы: Машинаның дөңгелектері**<br>**Мақсаты**:Дәстүрден тыс тәсілді (тығын) қолдана отырып машина дөңгелегінің суретін сала алады.<br>**Ресурстар:** ойыншық қоян, машиналардың суреттері, ермексаз,тақтайша,сүлгі.<br>**Әдіс –тәсілдер.** 4К моделі, бала үні, бақылау, саралау. сұрақ-жауап, жұмбақтар<br>**ҰОҚ жүргізілу барысы**<br>**Шаттық шеңбер**<br>Салем аспан!<br>Салем жер !<br>Салем достарым!<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Тосын сәт:**<br>Қоян келеді. | суреттерден поездың бөлігін тауып құрастыру.<br>**Қорытынды.**<br>Айгүл қуанып балаларға рахмет айтып қоштасады.<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**2.Музыка.**<br>**Тақырыбы:** «Күн шуағы» | болады?<br>Ол қандай көлік түріне жатады?<br>-Пойыздармен қайда баруға болады?<br>Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы, 4К моделі.<br>**3.Ой қозғау.**<br>Құрлымдалған ойын: «Әр көлікті өз тұрағына орналастыр<br>**Шарты:** Машина-гараж, Кеме – айлақ, Поезд – депо, Ұшақ –аэрадромда тұрады»<br>**Қортынды**<br>Сұрақ-жауап<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**2.Денешынықтыру**<br>**Мақсаты: (ҮК)**<br>Түзу және ирек жолдармен жүгіру, Жиектері шектелген тура жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүруді біледі.<br>**Ресурстар:**Сылдырмақтар, тақырып бойынша жолдар түрі.<br>**Әдіс –тәсілдер.** 4К моделі, бала үні, бақылау, саралау. сұрақ-жауап, жұмбақтар<br>**ҰОҚ өтілу барысы**<br>**Кіріспе бөлімі:**<br>Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.<br>Қол бүйірде, аяқтың ұшымен жүру.<br>Қол бүйірде, өкшемен жүру.<br>«Түлкі» - Шеңбер бойы | Түзу және ирек жолдармен жүгіру, Жиектері шектелген тура жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүруді біледі.<br>**Ресурстар:**Сылдырмақтар, тақырып бойынша жолдар түрі.<br>**Әдіс –тәсілдер.** 4К моделі, бала үні, бақылау, саралау. сұрақ-жауап, жұмбақтар<br>**ҰОҚ өтілу барысы**<br>**Кіріспе бөлімі:**<br>Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.<br>Қол бүйірде, аяқтың ұшымен жүру.<br>Қол бүйірде, өкшемен жүру.<br>«Түлкі» - Шеңбер бойы бүкіл табанмен қалыпты, жұмсақ жүру.<br>Шеңбер бойы тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау<br>**ІІ.Жалпы дамыту жаттығулары.**<br>**Сылдырмақпен**<br>**Негізгі бөлім:**<br>**Б.қ.: «Торғай ұшты»**<br>**1.** Аяқты алшақ қоямыз, қолымыз жанға созып құстың қанатын жасау, басты оңнан солға қарай, төмен-жоғары бұру; «Чик- чирик» деп айту.<br>/ 5 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Мотор»**<br>**2.** Аяқты алшақ, қолымызды кеуде тұсына қоямыз, қолымызды дөңгелек қозғалысқа келтіреміз. «р-р-р» деп айту. /6 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Гүлдің ашылуы»** | Сыни ойлау, бала үні.<br>**Сергіту сәті.**<br>«Ұшақтар» ойыны.<br>Ұшақтар ұшады,<br>Ұшақтар қонады.<br>**Жұмыстың орындалу тәсілін түсіндіру:**<br>**Үлгіні талдау.**<br>–үлкен бөлікті алақан арасына салып дөңгелектейміз, есу арқылы сопақша пішін беріп, сәбіз пішіндес жасау;<br>–екі кішкене бөлікті «шұжықша» тәріздес есіп, жалпақтау;<br>–үлкен сопақшаны ұшақтың жоғарғы жағына, кіші сопақшаны ұшақтың төменгі жағына біріктіру;<br>–бүгу тәсілі арқылы ұшақтың құйрығын жасау;<br>–түрлі түсті ермексазды пайдалана отырып безендіру, терезе салу т.б.<br>Мазмұн арқылы саралау, Блум таксонмиясы<br>**Балалардың өз бетінше жұмысы.**<br>Қажет болған жағдайда жеке балаға көмек көрсетіледі.<br>Өнім арқылы саралау, 4К моделі, бала үні.жанама бақылау.<br>Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардан көмек сұрайды.<br>Машинасының дөңгелегі жарылып орманға жете алмай қалған.<br>Балалар, көмектесеміз ба?<br>**Ой дамыту.**<br>Машиналардың дөңгелегімен таныстыру,көрсету.<br>- Пішіні қандай?<br>-Ол дөңгелек не үшін керек?<br>Мазмұн арқылы саралау,<br>Блум таксономиясы<br>**Пед жет ойын:** «Қай машинаның дөңгелегі жоқ?»<br>Ойын шарты: балалар қай машинаның дөңгелегі жоқ екенін көрсетеді. (автобус, жеңіл машина, трактор)<br>Балаларды мадақтау.<br>Балалар енді қоянға көмектесейік.<br>**Сергіту сәті**<br>Терең-терең дем алып.<br>Жүгіріп-жүгіріп алайық.<br>**Сурет салудың әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру.**<br>Дайын машина үлгісіне қақпақпен дөңгелекті салу.<br>Өнім арқылы саралау, 4К моделі, бала үні.<br>Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме»<br>Шарты: Салған суреттерін тақтаға ілу.<br>Балалардың жұмысын қорытындылау.<br>Жұмыстарын мадақтау.<br>Қоян сендерге рахмет айтып жатыр.<br>Қоянмен қоштасайық.<br>**Қорытынды .**<br>-Балалар біз неге көмектестік.<br>-Не салдық? | | бүкіл табанмен қалыпты, жұмсақ жүру.<br>Шеңбер бойы тұру.<br>Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау<br>**ІІ.Жалпы дамыту жаттығулары.**<br>**Сылдырмақпен**<br>**Негізгі бөлім:**<br>**Б.қ.: «Торғай ұшты»**<br>**1.** Аяқты алшақ қоямыз, қолымыз жанға созып құстың қанатын жасау, басты оңнан солға қарай, төмен- жоғары бұру; «Чик- чирик» деп айту.<br>/ 5 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Мотор»**<br>**2.** Аяқты алшақ, қолымызды кеуде тұсына қоямыз, қолымызды дөңгелек қозғалысқа келтіреміз. «р-р-р» деп айту. /6 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Гүлдің ашылуы»**<br>3. Аяқтары бірге қойылған. Отыру. Алақанды біріктіріп ұстау, орнынан тұрарда қолды жоғары созып алақанды ашу. 6- р<br>**Б. қ.: «көңілді пингвин»**<br>**4.** Өкшелерін беттестіру арқылы пингвиннің жүрісін көрсету. Қолдары жанда пингвиннің қанатын жасау. Орнында тұрып жүру, айналып жүру. /10-15секунд/<br>4 к моделі, бала үні<br>Мазмұн арқылы саралу, Блум таксономиясы, Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау<br>**Негізгі қимыл-қозғалыс** | 3. Аяқтары бірге қойылған. Отыру. Алақанды біріктіріп ұстау, орнынан тұрарда қолды жоғары созып алақанды ашу. 6- р<br>**Б. қ.: «көңілді пингвин»**<br>**4.** Өкшелерін беттестіру арқылы пингвиннің жүрісін көрсету. Қолдары жанда пингвиннің қанатын жасау. Орнында тұрып жүру, айналып жүру. /10-15секунд/<br>4 к моделі, бала үні<br>Мазмұн арқылы саралу, Блум таксономиясы, Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау<br>**Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулар.**<br>-Түзу және ирек жолдармен жүгіру.<br>-Жиектері шектелген тура жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру.<br>Өнім арқылы саралау, 4 к моделі, бала үні<br>**Қимылды ойын:**<br>**Сұр қоян жуынады.**<br>**Мақсаты:** Қимыл қозғалыс қабілеттерін арттыру, тілдерін дамыту, ептілікке тәрбиелеу.<br>Сыни ойлау, командада жұмыс, жаппай бақылау.<br>**Қортынды**<br>Балаларды мадақтау. | Шарты: Балалар жасаған жұмыс-тарын көрмеге жинақтау<br>Қортынды.<br>**Балаларды мадақтау** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ***жаттығулар.***<br>*-Түзу және ирек жолдармен жүгіру.*<br>*-Жиектері шектелген тура жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру.*<br>*Өнім арқылы саралау, 4 к моделі, бала үні*<br>***Қимылды ойын:***<br>***Сұр қоян жуынады.***<br>***Мақсаты:*** *Қимыл қозғалыс қабілеттерін арттыру, тілдерін дамыту,ептілікке тәрбиелеу.*<br>*Сыни ойлау, командада жұмыс, жаппай бақылау.*<br>***Қортынды***<br>*Балаларды мадақтау.* | | |
| ***Серуенге дайындық*** | ***Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту. Қалың қар бар жерлермен жүрмеу. Қарды ауызға салмау туралы түсіндіру.***<br>***Киіну:*** *Серуенге шығу, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| ***Серуен:*** | ***Картотека № 20***<br>***Қарды бақылау***<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 16***<br>***Аязды бақылау.***<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека №1 3***<br>***Суық торғайды бақылау.***<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 5***<br>***Бұршақты бақылау.***<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 12***<br>***Қыстап қалатын құстарды бақылау.***<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* |
| | ***ҚЫСҚЫ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫ (картотека қосымша тігілген)*** | | | | |
| ***Серуеннен оралу*** | *Балаларға реттіліктен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, сырт киімдерін кептіруге ілу, су болған қолғаптарын тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.*<br>***Ойын- жаттығу***<br>*Сырттан келіп үнемі,*<br>*Сабынмен қол жуамыз,*<br>*Таза болды мұнтаздай,*<br>*Тағамға қол созамыз.* | | | | |
| ***Түскі ас*** | ***Ойын- жаттығу*** *:*<br>*Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз*<br>*Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз.*<br>***"Астарыңыз дәмді болсын!"*** | | | | |
| ***Ұйқы*** | *Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.* | | | | |
| ***Біртіндеп ұйқыдан ояту,*** | ***№4 1. Ояну***<br>*Көзіміз ашылды*<br>*Ұйқымыз басылды* | ***№5 1. Ояну***<br>*Оянайық балалар*<br>*Маған тезірек қарандар* | ***№3***<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Бойымызды жазайық* | ***№61. Ояну***<br>*Балалар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық* | ***№81. Ояту***<br>*Ұйқыдан біз тұрамыз*<br>*Көзімізді ашамыз* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| шынық-тыру шаралары | Дем алдық ұйықтадық<br>Шаттанып ойнайық.<br>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау. | Шапалақты ұрайық<br>Орнымыздан тұрайық.<br>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау. | Қолмен көзді уқалап<br>Созылып бір алайық.<br>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау. | Қолымызды созып<br>Шынығып бір алайық.<br>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау. | Жан-жағымызға қарайық<br>Төсектен біз тарайық<br>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау. |
| | **«ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАРЫ» КАРТОТЕКАСЫНАН.** (Картотека қосымша тігілген) | | | | |
| Бесін ас | Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. | | | | |
| Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс | **Картотека № 4**<br>**«Бұны қай кезде киеді?»**<br>**Мақсаты:** әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндату арқылы сөздік қорларынмолайтып,ауыз екі сөйлеуге баулу.<br>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау. | **Картотека № 17**<br>**Сиқырлы суреттер**<br>**Мақсаты:** балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.<br>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау. | **Картотека № 21**<br>**«Бұл қай мезгіл?»**<br>**Мақсаты:** қыс мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айтқызу. Ойын түрлерін түсіндіру. Сөздік қорын байыту.<br>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау. | **Картотека № 22**<br>**«Қыстап қалған құстар»**<br>**Мақсаты:** белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу.<br>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау. | **Картотека №16**<br>**«Суретші қай жерде қателесті?»**<br>**Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету.<br>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау. |
| | **ӘЛЕУМЕТ САЛАСЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫНАН (картотека қосымша тігілген)** | | | | |
| Серуенге дайындық | Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. | | | | |
| Серуен | **Картотека № 20**<br>**Қарды бақылау**<br>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау. | **Картотека № 16**<br>**Аязды бақылау.**<br>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау. | **Картотека №1 3**<br>**Суық торғайды бақылау.**<br>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау. | **Картотека № 5**<br>**Бұршақты бақылау.**<br>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау. | **Картотека № 12**<br>**Қыстап қалатын құстарды бақылау.**<br>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау. |
| | **СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ** | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде, балаларының балабақшадағы достары-мен қарым –қатынасы туралы әңгімелесу.<br>Ата-аналарға сауалнама тарату. Психолог кеңесі (жеке балаларға) | | | | |

Тексерілді

**ЦИКЛОГРАММА**
**«Балақай» кіші тобы.**
**III апта. Ақпан айы: 14-18.2022ж**
**Тәрбиеші:Бабаниязова.М.С**

**Өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем»**
**Тақырыпша. «Электроника»**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. ) | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы ата-анамен әңгімелесу. | | | | |
| | **Картотека № 22**<br>Пед жет ойын.<br>**«Алақай, қыс келді»**<br>4К моделі, бала үні, жанама бақылау. | **Картотека №3**<br>Құрылымдалған ойын.<br>**«Шыршаны безендір»**<br>4К моделі, бала үні, жанама бақылау. | **Картотека № 21**<br>Құрылымдалған ойын.<br>**“Аққала”**<br>4К моделі, бала үні, жанама бақылау. | **Картотека №16**<br>Құрылымдалған ойын.<br>**Айырмашылығын тап»**<br>4К моделі, бала үні, жанама бақылау. | **Картотека №17**<br>Құрылымдалған ойын.<br>**«Үйлерге орналастыр»**<br>4К моделі, бала үні, жанама бақылау. |
| | **ТАНЫМ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ БОЙЫНША ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫНАН. Картотека қосымша тігілген.** | | | | |
| Таңертеңгі гимнастика | **Ақпан айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген**<br>**Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын дамыту. Баланы салауатты өмір салтына тәрбиелеу.** | | | | |
| Таңғы ас | Ойын- жаттығу **Сылдырлайды мөлдір су,**<br>**Мөлдір суға қолыңды жу.**<br>**Жуынсаңсаң сен әрдайым,**<br>**Таза бетің, маңдайың.**<br>Ас құрамымен таныстыру. Ас құрамындағы дәрумендерді балаларға айтып түсіндіру. «Ас дәмді болсын!» | | | | |
| Ойындар, ҰОҚ дайындық | **ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.**<br>Шаттанамын, күлемін,<br>Бақытты боп жүремін.<br>Қатар тұрар шеңберде<br>Досым көбін білемін | | | | |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет- | **Денешынықтыру**<br>**Мақсаты: (ҮК)**<br>Жіптен ұстап шеңбер бойымен жүруді, екі сызықтың арасынан жүру, тепе-теңдікті сақтауға дағдыланады. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Телефон»** (өлең) Корней Чуковский<br>**Мақсаты:**Кейіпкер бейнесін сомдауда, түсінікті сөйлеуде, мәнерлі дауыс ырғағы арқылы | **1.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:Тақырыбы:**<br>Электроника деген не?<br>**Мақсаты:**Балалар үй тұрмысындағы заттарды, олардың қасиеттерін-қарапайым пішінін, көлемін | **1.Сенсорика**<br>**Тақырыбы : Үлкен кіші тоңазытқыш**<br>**Мақсаты:** Тоңазытқыш түрлерімен таныса отырып, үлкен-кіші ұғымын үйренеді. Қима суреттерден тоңазытқыштар | **1.Музыка**<br>**Тақырыбы:**<br>«Көк аспанға саяхат» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
